

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
заң факультетінің 4 курс студенті:
Шамбулов Айдос
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы
Даубасова Сулушаш Шынжырханқызы

Прокуратура органдарының өз құзыреттерін орындау барысындағы қағидалары

Прокурорлық қадағалаудың мақстаратты мен міндеттері бір-бірімен тығыз байланысты. Прокурорлық қадағалаудың мақсатты ретінде прокуратура органдарының ең негізгі қызметін прокурорлық қадағалу құрайды, сол қызметінің толық немесе жекелеген бағыттарының жетістіктерінің нәтижесінің көрінісін тусінуімізгі болды [1].

Прокурорлық қадағалаудың мақсаттары прокуратура органдарының мәртебесі, мемлекетте алатын орны мен рөлі арқылы анықталады. Сондай-ақ, прокуратура органдарының бастық қызметінің бірі ретінде қадағалаудың мақсаттары прокуратура органдарының қызметін реттеуді жүзеге асыратын ҚР Конституциясымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көрініс табуда. Прокуратура органдарының нақты мақсаттары Прокуратура туралы заң күші бар жарлықтың 1 бабында көрініс тапқан[2]: Заңдардың үстемдігін қамтамасыз ету; Заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірінғай қолдануын қамтамасыз ету; Адамның және азаматтардың құқытары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету; Заңмен қорғалатын мемлекеттің мүдесі мен заңды тұлғалардың құқытыры мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету

Прокуратура органдарының барлық қызметтері осы аталған мақсаттарға жетуге бағытталған. Бұл қызметтердің нақты түрлері Жарлықтың баптарында көрініс тапқан. Олар: прокурорлық қадағалау (4 негізгі бағыт немес саласы); қылмыстық құдалау құқықық қорғау органдарының қылмыстылықпен күресу қызметтерінің бағыттарын; соттардың істерін қарауға қатысу; құқықшығармашылық шараларына қатысуға.

Прокуратура органдарының қадағалаудың мақсаттарына қарағанда міндеттерін нақты әрі мақсаттарға қарағанда көп. Олар бір-бірінен мазмұны деңгейі, және пайда болған мәселелерді шешу жолдарымен, прокуратура органдарының өкілетіліктерімен ерекшеленеді[3]:.

Прокурорлық қадағалаудың барлық міндеттерін үш түрге бөлудімізге болады: жалпы; арнайы; жеке (нақты)

Прокурорлық қадағалаудың жалпы міндеттері. ҚР Конституциясы мен прокуратура туралы заң күші бар жарлығымен сонымен қатар өзге де нормативтік құқықтық актілермен не заңдармен мысалыға ҚІЖК, АІЖК нақты көрініс тапқан. Олар әр түрлі қолсұғушылықтан қорғау және заңдылықты қатайтуда келесідей көрініс табуда:

Конституциясымен бекітілген Конституциясымен кепілдік етілген ҚР азаматтарының саяси, еңбек, тұрғын және басқа да заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау. Меншік нысанына қарамастан мемлекет пен заңды тұлғалардың мүдделерін қорғау

Жалпы міндеттерді шешу кез келген прокурордың қызметі болып табылады. Бұл міндеттері жүзе асыру барысында оларды шешу жолдарын іздестіре келесі міндет туындайды. Яғни, прокурорлық қадағалаудың нақты бағытты арнайы міндет деп аталынады. сәйкес, белгілі бір нақты анықталған бағыт арқылы анықталынады. Олардың мәні жалпы міндеттерден туындап прокурорлық қадағалудың әр түрлі бағыттарына сәйкес, прокурордың өкілетілігімен анықталынады[4].

Арнайы міндеттер ретінде мысалыға, прокуратура туралы заң күші бар жарлықта объектісі болып табылатын заңнамалардың заңдылықты бұзғанын анықтау, қадағалу объектілерінде заң бұзушылықта анықтау.

Прокурор прокурорлық қадағалудың жалпы және арнайы міндеттерін қадағалаудың құқықтық құралдарын қолдану жолымен жүзеге асырылады. Бұл жол немесе тәсілдерді қолдану арқылы прокурор жеке (нақты) міндеттерді шешеді. Бұл міндеттер прокурорлық қадағалаудың жеке немесе нақты міндеттері болып аталады. Олар мәні және жалпы мен арнайы міндеттерге қарағанда басым болады. Жеке міндеттер көбінесе прокурорлық қадағалаудың бағыттарымен құқықтық құралдарды қолданумен, прокурордың қадағалау қызметін жүзеге асырудағы нақты жағдайларға байланысты анықталынады.

Қадағалау - заңдылықты қамтамасыз ету бойынша әртүрлі мемлекеттік органдардың қызметінің бір саласы. Ол конституциялық, соттық, прокурорлық және т.б. болып бөлінеді[5].

Прокурор - жоғары тұрған прокурордың бұйрығымен "Прокуратура туралы" Заңымен қарастырылған лауазымдық міндеттерді атқаратын, белгіленген талаптарға сәйкес қызметке қабылданған жеке тұлға. Прокурор өз мағынасында прокуратура басшылары, бас прокурор, облыс және оған теңестірілген, қала, аудан прокурорлары. Кең мағынасында тек жоғарыда көрсетілген прокурорлар ғана емес олардың орынбасарлары, кеңесшілері, ерекше тапсырмалар бойынша көмекшілері деп түсінуге болады.

Прокурорлық қадағалау заң ғылымының саласы ретінде қызметтің тиімділік мәселелерін, қызметті қадағалау, нысан, құралдары мен әдістерінде жүзеге асырылып реттелген, заңдар білімі ұғымын білдіреді. Прокурорлық қадағалау мемлекеттік қызметтің бір түрі, заң ғылымының саласы және оқу пәні ретінде түсіндіріліп жүр. Дегенмен ол ғылым ретінде қылмыстық, азаматтық процесс, криминалистика және т.б. ғылым салаларымен тығыз байланысты.

Прокурорлық қадағалаудың объектілері мен субъектілері мазмұны бойынша екеуі екі басқа нәрсе болса да, бір бірімен тығыз байланысты. Прокурорлық қадағалаудың объектілері деп нормативтік құқықтық актілерді және заңдарды сақтауына тексеру жүргізілетін кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және басқа заңды тұлғалар түсіндіріледі. Прокурорлық

қадағалаудың субъектілері деп нормативтік құқықтық актілерді және заңдарды сақтауына тексеру жүргізетін прокурорлық-қадағалау қызметіне қатысушы тексеруші прокурорды да айтуға болады[6].

Прокурордың өкілеттігі - өзінің қадағалау функциясын жүзеге асыру үшін прокурордың міндеттері мен құқығының келемі. Прокурордың негізгі өкілеттігі "Прокуратура туралы" Заңда белгіленген.

Өкілеттіктен басқа прокурорлық қадағалаудың құқықтық құралдары ретіндегі ұғым бар. Бұл ұғым өмірде және әдебиетте бір-біріне тепе-тең мағынада түсіндіріледі.

Прокурорлық қадағалау заңнамалармен реттелген және реттелмеген әртүрлі іс-әрекеттерді жүргізу жолымен жүзеге асырылатын мемлекеттік қызметтің түрі. Прокурорлық қадағалаудың құралдарына "Прокуратура туралы" заңымен немесе қадағалауды жүзеге асыру үшін прокурорға ұсынылған басқа заңнамалық актілері де жатады. Осы құқықтық құралдарды құқық бұзушылықты анықтауда және жоюда қолдану прокурорлық қадағалаудың мәні болып табылады.

1. Құқық бұзушылықты анықтаудың құралдары;
2. Құқық бұзушылықты жою құралдары.
3. Құқық бұзушылықты алдын алу ескерту.

Арнайы құжатта бекітілген прокурордың шешімі құқықтық құралдарды пайдаланудан тергеудің анықтаған қадағалаудың құралын құқық бұзушылыққа прокурорлық ықпал ету болып табылады.

Прокурор заңға сәйкес келмейтін нормативтік құқықтық актіні анықтағанда наразылық білдіру құқықтық құралын пайдаланады.

Прокурорлық қадағалау жоғарыда аталған "Прокуратура туралы" заңда қарастырылған құқықтық актілер құралдарынан тұрады. Заң бұл құралдардың қайсысын міндетті түрде қолдануда және кемшіліктерді анықтауда және оларды жоюда қай жағдайда қандайын қолдану керек екендігін тура айта алмайды[2].

Бұл ұсыныстар тәжірибелік жұмыс және ғылыми іс-әрекетте жинақталады. Олардың ішіндегі ең тиімдісі Бас прокурордың нұсқамаларында, бұйрықтарында, сонымен қатар прокуратураның оқулықтарында, жобаларында, нұсқаулықтарында бекітілген. Ғылыми негізделген және тәжірибеде тексерілген құқықтық құралдардың әдістері мен тәсілдері жиынтығын прокурорлық қадағалаудың әдістемелегі құрайды. Оның методикалық нұсқаулығы әр түрлі деректі дәрежені құрайды. Олардың бірі олардың тиімділігін қамтамасыз ететін әдісі ретінде қадағалаудың толығымен жүзеге асырылуы деп анықталуда. Қадағалаудың әдістемесі заңдардың жекелей орындалуына қадағалауында анықталады. Соған сәйкесті прокурорлық қадағалаудың жалпы түрін жеке прокурорлық қадағалаудан ажыратуға болады. Сол сияқты Конституциялық қадағалау мемлекеттік құқық қорғау қызметінің Конституциялық сот және прокуратура арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік қызметтің бір түрі. Ереже бойынша Конституциялық қадағалауды Конституциялық сот, ал біздің мемлекетке

катысты прокурорлық қадағалауды екі орган Конституциялық кеңес пен прокуратура жүзеге асырады.

Ол конституциялық бақылаудың ерекше органы. Оның объектісі- Парламентпен қабылданған Президенттің қол қоюға дейінгі заңдары болып табылады. Екеуі өзара байланыста Конституцияға қайшы келетін заңдар мен нормативтік актілерге наразылық білдіруді азаматтық процесс тәртібімен жүзеге асырады. Мәселенің Конституцияға қайшы келетіндігі немесе келмейтіндігі туралы соңғы қорытындыны шығаруға Конституциялық кеңес құқылы. Конституциялық кеңес Конституцияға заңдарына сәйкестігін қадағалайды, Конституция нормаларын талқылайды. Прокурорлық қадағалау іс жүргізу, шұғыл іздестіру іс-әрекеттерінде, өндірісті орындауда заңдардың дұрыс және біркелкі орындалуын қадағалайды. Прокурорлық қадағалау арқылы Конституцияға қайшы келетін заңдар мен нормативтік актілерге наразылық білдіруді Азаматтық кодекстің тәртібінде жүзеге асырады. 1995 жылғы Конституцияға сәйкес Конституцияға қайшы келетін заңдар мен нормативтік құқықтық актіге наразылық білдіруді Конституциялық кеңес және белгілі дәрежеде прокуратура органдары да жүзеге асырады. Конституцияға қайшы келетін заңдар мен нормативтік құқықтық актіге сәйкестік мәселесін шешу Прокурорлық қадағалау құзыреттігіне кірмейді, ол мәселені Конституциялық кеңес шешеді. Конституциялық қадағалаудың міндеті - Қазақстан Республикасының заңдарға сәйкессіздіктерін болдырмау. Прокурорлық қадағалаудың міндеттері Конституциялық қадағалауға қарағанда кең. Қазақстан Республикасы аумағында міндетті болып табылатын Конституциялық қадағалауды тексерулер, талқылау және шешімдер шығару арқылы жүзеге асырылады. Прокурорлық қадағалау міндетіне Конституциялық қадағалау да кіреді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Басков.В.И. Прокурорский надзор при рассмотрении судами уголовных дел. М., 1980 г.
2. ҚР Президентінің Прокуратурасы туралы заң күші бар жарлық. 25.12.1995 ж.
3. Бегалиев К.А. Прокурорский надзор за расследованием уголовных дел. М., 1971 г.
4. Прокурорский надзор//под.ред. В.И.Басков М., 1996г
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы: Юрист, 2013. - 46 бет.
6. М.С.Нәрікбаев, Ғ.Қ. Өтебаев, М.М. Алиев. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау. Астана, 2008 ж.